

Білім беру дағдысы:Комуникативтік дағдыларды қалыптастыру,Шығармашылық.

Ұйымдастырылған іс-әрекет:Сөйлеуді дамыту,Жапсыру.

Тақырыбы:»Менің отбасым»

Мақсаты;балаларға отбасы туралы түсінік беру,өз жанұясын әңгемелеуге үйрету.Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әдістер:әңгімелеу,тақпақ айту,ойын,сұрақ-жауап,сергіту шаттық шеңбері.

Көрнекіліктер: отбасы суреттері,буклеттер

№	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Қызмет кезеңі	Шаттық шеңбер: Сәлеметсіңдерме балалар, Сәлеметсіздерме апайлар. Амансың ба алтын кун, Амансың ба көк аспан. Амансың ба достарым, Сендерді көріп қуанам. Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ. Балалар айналаға қарасаң көптеген үйлерді көреміз Әр уйде өз отбасымен адамдар тұрады. Олар бір-бірімен тату-тәтті тұрады.	Балалар әнұран орындады. 

	-Қане балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көрейік. Жұмбақ; Онсыз қызық жоқ маған, Онсыз бақыт жоқ маған. Ол әр баланың панасы, Ол не екен балалар? Олай болса балалар бәріміз тақтаға назар аударайық. Бұл суретте кімдерді көріп тұрсындар? -Иә, бұл суретте сүйіспеншілігі мол бір-біріне ыстық ықыласпен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз, Отбасы туралы әңгімелеу Ойын; Мынау кім? Бұл ойынның мақсаты балаларды есте сақтау қабілетін дамытуға баулу, Отбасы мүшелерін атын	Ия Ия Отбасы Отбасы мүшелері Ата, әже, әке, Ана, аға, іні, қарындас Әкемді Үй жинауға Ботақаным Ия
--	--	--

Монивациял ық қозғаушылы қ	атап ажырата білу, Отбасында кімді жақсы көресің? Анаң қалай көмек бересің? Анаң сені қалай еркелетеді? Үйге қонақ келгенді ұнатасың ба? Үйіндегі үлкен кішіге қалай көмектесесің? Дастархан басында өзінді қалай ұстайсың? Атам менің ақылды, Әжем менің мейірімді. Әкем менің қайратты, Анам менің әдемі. Анам анам,ақ анам Мен өзіндей ақ балаң Айтқан тілінді аламын Жұмсағанда барамын. Мама, мама маматай Сені жақсы көремін Мейрамыңмен құттықтап	Айтқанын орындаймын Жақсы Айда  Нұрай Алина
--	---	---

**Рефлексиял
ық
түзетушілік**

Саған гүлді
беремін.

Менің әжем, ақ
әжем
Ұл мен қыздың
бағы әжем
Ертегі аитып
бер десең
Айтып берер
тағы әжем.

Сергіту сәті:
Бір үйде біз
несшеуіміз
Кел санайық,
екеуіміз
Бас бармағым –
әкем
Балаң үйрек -
анам
Ортан терек -
ағам
Шылдыр шүмек
– мен
Кішкене бөбек –
сен
Бір үйде біз
несшеуіміз
Бір үйде біз
бесеуіміз.

Отан -
отбасынан
басталады.
Отбасы шағын
мемлекет.
Ата бәйтерек,

Айбибі



	Балалы үй - базар. Ағасы бардың жағасы бар, Ініс бардың тынысы бар. Ана тілі бой өсіреді, Ата тілі ой өсіреді. Ана – бұлақ, Әке-асқар тау Бала жапырақ. Балалар біз қандай заттың бейнесін жасадық? -Ал киіз үйде кімдер тұрады? Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? Дұрыс айтасыңдар балалар Қортынды:біз бүгін өзімізге ең жақын, ең қымбат отбасымыз туралы әңгімеледік. Біз оларды сыйлауды, жақсы көруді,	Сергіту сәтін орындады Мақал-мәтелдер  Киіз үйдің Адамдар Отбасы
--	---	--

	көмектесуді үйрендік.	ҰОҚ қорытындылау
--	--------------------------	------------------

Күтілетін нәтижелер:

Біледі:Отбасы мүшелерін біледі.

Игереді:Үлкендерді сыйлауды,оларға көмек беруді игереді.

Меңгерді: Отбасы мүшелерін құрметтеуді меңгереді.